

## Байғанин ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 23 сәуірдегі № 68 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 сәуірде № 7072 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Осы қаулы 01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 529 бабының 6 тармағына сәйкес, Байғанин аудандық әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Байғанин ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері, қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Байғанин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Байғанин аудандық әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Байғанин ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Байғанин ауданының әкімі

К. Утаров

КЕЛІСІЛДІ:

"Байғанин ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

Р. Раушанов

" " \_\_\_\_\_ 2020 жыл

Байғанин аудандық әкімдігінің 2020 жылғы 23 сәуірдегі № 68 қаулысына қосымша

## Байғанин ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

№	Салық салу объектісінің орналасқан жері	Аймаққа бөлу коэффициенті

Қарауылкелді ауылдық округі		
1	Қарауылкелді ауылы	1,85
2	Қосарал ауылы	1,50
3	Көкбұлақ ауылы	1,50
Көлтабан ауылдық округі		
4	Жарлы ауылы	1,55
5	Қораши ауылы	1,45
6	Жыңғылдытоғай ауылы	1,30
Ащы ауылдық округі		
7	Ноғайты ауылы	1,55
Қопа ауылдық округі		
8	Ебейті ауылы	1,60
9	Қопа ауылы	1,45
10	Айрық ауылы	1,35
11	Көптоғай ауылы	1,15
Жарқамыс ауылдық округі		
12	Жарқамыс ауылы	1,70
13	Қаражар ауылы	1,45
14	Ақтам ауылы	1,30
Сартоғай ауылдық округі		
15	Алтай батыр ауылы	1,55
16	Баршақұм ауылы	1,35
17	Шұқырши ауылы	1,20
Қызылбұлақ ауылдық округі		
18	Кемерши ауылы	1,60
19	Бұлақтыкөл ауылы	1,60
20	Жаңатаң ауылы	1,55
Миялы ауылдық округі		
21	Миялы ауылы	1,50
22	Дияр ауылы	1,20
Жаңажол ауылдық округі		
23	Оймауыт ауылы	1,55